

## Аудан әкімі

### Т. Ерсейітовтың Наурыз мейрамымен құттықтауы

**Құрметті Бұланды ауданының тұрғындары!**

Баршаңызды Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз мейрамы бейбітшілік пен жақсылықты бейнелейтін қуаныш пен сүйіспеншілікке толы, терең философиялық мәні мен жалпы әлемдік мәдени маңызы бар мереке. Бұл мереке жаңа өмірдің жаңаруы мен пайда болу циклін білдіреді. Наурыз-бұл біздің бай рухани мұрамыздың, бірегей ұлттық коддымыздың және ұрпақтардың ажырамас байланысының жарқын символы. Наурыз мейрамы біздің өмірімізге жасампаздық пен дамудың жаңа энергиясын әкеледі, сонымен қатар, еліміздегі достықты, өзара сыйластық пен келісімді нығайтуға ықпал етеді. Халықтың бірлігі – біздің ең жоғарғы құндылығымыз.

Құрметті жерлестер!

Осы тамаша көптеп мерекесі қарсаңында сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қуаныш пен береке тілейміз!

## Уважаемые жители района!

Сердечно поздравляю вас с праздником Наурыз мейрамы!

Наурыз - это праздник весны, начала новой жизни.

Вековая традиция отмечать Наурыз сохранилась до наших дней. В этот день принято прощать старые обиды, дарить окружающим радость и доброту.

Пусть праздник Наурыз войдет в ваши дома хорошим весенним настроением, щедрым дастарханом и радостью!

Желаю вам крепкого здоровья, счастья и благополучия, добра и согласия, достатка и изобилия, спокойствия и мирного будущего!

**Ш. КУСАИНОВ, секретарь районного маслихата.**

## Құрметті бұландылықтар!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз - ежелден келе жатқан мейрам. Тамыры тереңге кеткен өз-Наурыз қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сәгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Ұлы даланың биік рухымен, тәңірге сиынған тәкәппар мінезінен басталатын Наурыз – халқымыздың тірлігі мен бірлігінің, ырысы мен берекесінің көрінісі, биік рухымыздың, өрелі мәдениетіміз бен өнеріміздің, салт-дәстүріміздің, тіліміз бен діліміздің өзегі.

Ұлыстың Ұлы күні отбасыларыңызға берекесі мен бірлігін, елімізге ырысы мен ынтымағын, тыныштығы мен жақсылығын әкелсін!

Ақ мол болсын, жыл жемісті болсын!

**Р. ХОЖАБАЙ, «АМАНАТ» партиясының Бұланды ауданы бойынша атқарушы хатшысы.**

**Құрметті Бұланды ауданының тұрғындары мен қонақтары!**

Сіздерді Наурыз мейрамына орай өткізілетін «Үздік ұлттық қазақ киім» конкурсына қатысуға шақырамыз!

Өткізу уақыты мен орны: 2022 жылғы 21 наурыз, орталық алаң, сағат 11.00.

**Қатысуға шақырамыз!**

\* \* \*

**Уважаемые жители и гости Буландынского района!**

Приглашаем вас принять участие в конкурсе «Лучший казахский национальный костюм», приуроченный празднованию Наурыз мейрамы!

Время и место проведения: 21 марта 2022 года, центральная площадь, 11.00 часов.

**Приглашаем принять участие!**

**Құрметті Бұланды ауданының тұрғындары және қонақтары!**

Наурыз мейрамы мерекесіне арналған дискотекаға шақырамыз! Өткізілетін уақыты мен орны: 2022 жылдың 21 наурызы күні Макинск қаласының орталық алаңы, сағат 20.00-ден 22.00-ге дейін.

**Келем деушілерді шақырамыз!**

\* \* \*

**Уважаемые жители и гости Буландынского района!**

Приглашаем вас на праздничную дискотеку, приуроченную празднованию Наурыз мейрамы, которая состоится 21 марта 2022 года на центральной площади с 20.00 до 22.00 часов!

**Приглашаем всех желающих!**

## Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын жасады.

Президент жуық арада жүзеге асырылатын ауқымды саяси реформалар мен бірқатар әлеуметтік-экономикалық шараларды жариялады.

Мемлекет басшысы қайғылы қаңтар оқиғасына баға берді. Оның пікірінше, осы ауқымды әрі жан-жақты жоспарланған операцияның мақсаты жоғары басшылықты биліктен тайдырып, халық пен әлемдік қоғамдастық алдындағы оның беделін түсіру болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Күштік құрылымдар мен олардың сыбайластарының өзара ымыраласуына қатысты іс бойынша тергеу құпия жағдайда қарқынды жүргізіліп жатқанын айтты. Бұған кінәлілер лауазымдары мен қоғамдағы орындарына қарамастан, лайықты жаза-сын алады.

Саяси реформаларды жүзеге асыру аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттің өкілеттігін қайта қараудың маңызды екеніне тоқталды. Бұл ретте суперпрезиденттік жүйеден мықты Парламенті бар президенттік республикаға көшу мәселесіне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының өз өкілеттігі кезінде партияға мүше болуын тоқтату міндетін заңнамалық тұрғыдан ресімдеуді, әкімдер мен олардың орынбасарларының партия филиалдарындағы қызметіне тыйым салуды ұсынды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттің жақын туыстарына қатысты норманы конституциялық тұрғыдан бекіту қажеттігін айтты. Олардың мемлекеттік саяси қызметші және квазимемлекеттік секторда басшы лауазымдарын иеленуіне заңнамалық тұрғыдан тыйым салынады.

Бұдан бөлек саяси реформаларда биліктің заң шығарушы саласына да қатысты мәселе қамтылады. Сенат-

ты жасақтау тәртібі мен оның бірқатар қызметі қайта қаралады. Мемлекет басшысы Парламенттің жоғарғы палатасындағы президенттік квотаны 15-тен 10 депутатқа дейін қысқартуды ұсынды. Сондай-ақ Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы алынып, Сенатқа беріледі. Осы ретте олардың саны 9-дан 5 депутатқа қысқарады.

Саяси реформалар бағдарламасында сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау үдерісін жаңғырту, партия жүйесін дамыту мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері қарастырылған. Мәжілістің депутаттық корпусы аралас негізде құрылады. Яғни, парламентарийлердің 70 пайызы пропорционалды, 30 пайызы мажоритарлы тәртіппен сайланады. Партияларды тіркеу рәсімі айтарлықтай жеңілдетіледі. Оларды тіркеу шегін төрт есе, яғни 20 мыңнан 5 мыңға дейін төмендету ұсынылды.

Мемлекет басшысы құқық қорғау институттарын күшейтуге, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайтуға баса мән берді. Қасым-Жомарт Тоқаев

Негізгі Заңның ережелерін мүлтіксіз орындауды қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық сот құруды тапсырды. Сондай-ақ табысты қызмет атқарған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына Ұлттық Құрылтай құруды ұсынды.

Ауқымды саяси реформалар еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруге де қатысты болмақ. Президент Абай және Ұлытау облыстарын құруды ұсынды. Бұл облыстардың орталықтары Семей және Жезқазған қалалары болады. Мемлекет басшысы Алматы облысын екіге бөлу жөніндегі шешімін айтты. Алматы облысының орталығы Қапшағай және Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласы болмақ. Егер жұртшылық Қапшағай қаласына Қонаевтың есімін беру туралы ұсыныс айтса, Президент бұл пікірді қолдайтынын жеткізді.

Президент Жолдауда әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мән бере отырып, дағдарысқа қарсы жедел жүзеге асырылатын шараларға арнайы тоқталды. Соның ішінде ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге, мемлекеттің үлесі бар компаниялардың валюталық табысының экспорттық сатылымын ұлғайтуға, мемлекеттік аппараттың қызметіндегі бюрократияны жоюға да баса мән берілді.

Жалпы, Мемлекет басшысының Жолдауында айқындалған бастамалар еліміздің саяси жүйесін және әкімшілік-аумақтық құрылымын барынша өзгертуге бағытталған. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, аталған бастамаларды іске асыру үшін Конституцияға 30-дан астам өзгертулер енгізіледі.

– Қызметіме түрлі адамдардың беретін бағасынан гөрі, мемлекетімізді қорғап қалу – мен үшін аса маңызды міндет. Осы жолда жауапкершіліктің бәрін мойныма алуға дайынмын! – деп түйіндеді Мемлекет басшысы.

Президент Жолдауының толық мәтіні газетіміздің келесі санында басылады.



## Глава государства выступил с Посланием народу Казахстана

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевна совместном заседании палат Парламента выступил с Посланием народу Казахстана «Новый Казахстан: Путь обновления и модернизации».

Глава государства обнародовал масштабную программу политических реформ и ряд социально-экономических мер, которые предстоит реализовать в

ближайшем будущем.

В начале выступления лидер Казахстана дал оценку трагическим январским событиям. По его мнению, цель этой масштабной и детально разработанной операции заключалась в смещении высшего руководства, его дискредитации в глазах народа и зарубежной общественности.

Қасым-Жомарт Тоқаев сообщил, что следствие по делу о заговоре силовиков и их пособников продолжается в интенсивном темпе, в режиме секретности, а все виновные в этих трагических событиях понесут наказание, невзирая на их должности и позиции в обществе.

(Продолжение на 2 стр.)

## Глава государства выступил с Посланием народу Казахстана

(Продолжение, начало на 1 стр.)

Глава государства указал на важность пересмотра полномочий Президента с переходом от супер-президентской в президентскую республику с сильным Парламентом. В частности, предложено законодательно оформить обязанность Главы государства прекратить членство в партии на период его полномочий, запретить акимам и их заместителям занимать должности в филиалах партий.

Президент наряду с этим заявил о необходимости конституционно закрепить норму, касающуюся ближайших родственников Президента. Будет введен законодательный запрет на занятие ими должностей политических государственных служащих и руководителей в квазигосударственном секторе.

Кроме того, политические реформы затронут законодательную ветвь власти. Будет пересмотрен порядок формирования и ряд функций Сената. Глава государства предложил сократить президентскую квоту в верхней палате Парламен-

та с 15 до 10 депутатов. Также будет упразднена квота Ассамблеи народа Казахстана в Мажилесе, которая будет передана в Сенат, но при этом она сократится с 9 до 5 депутатов.

Программа политических реформ также предусматривает совершенствование избирательной системы, модернизацию избирательного процесса, расширение возможностей для развития партийной системы. Депутатский корпус Мажилеса будет формироваться по смешанной схеме – 70 % парламентариев будут избираться на пропорциональной основе, 30 % – на мажоритарной. Процедуры регистрации партий будут значительно упрощены. Регистрационный порог предполагается снизить в четыре раза – с 20 до 5 тысяч человек.

Глава государства также акцентировал внимание на усилении роли правозащитных институтов, повышении конкурентоспособности средств массовой информации и укреплении роли институтов гражданского общества. В целях обеспече-

ния неукоснительного соблюдения положений Основного закона Касым-Жомарт Токаев поручил создать Конституционный суд. Он также предложил учредить Национальный Курултай вместо успешно реализовавшего свою миссию Национального совета общественного доверия.

Масштабные политические реформы коснутся административно-территориального устройства страны. Президент предложил создать Абайскую и Улытаускую области с областными центрами в городах Семей и Жезказгане соответственно. Лидер Казахстана также заявил о решении поделить Алматинскую область на две новые – Алматинскую с центром в Капшагае и Жетысуйскую с центром в Талдыкоргане. Глава государства сказал, что готов прислушаться к мнению общественности, если будет высказано предложение о переименовании города Капшагай в честь выдающегося сына казахского народа Динмухамеда Кунаева.

Отдельный блок в Послании был посвя-

щен первоочередным антикризисным мерам с акцентом на решение социально-экономических вопросов, включая обеспечение устойчивости национальной валюты, увеличение продаж экспортной валютной выручки компаниями с государственным участием, де бюрократизацию деятельности государственного аппарата.

В целом объявленные в Послании Главы государства инициативы, направленные на существенное преобразование политической системы и административно-территориальной структуры страны. Как сообщил Касым-Жомарт Токаев, для их реализации в Конституцию будут внесены более 30 изменений.

– Независимо от того, как оценивают мою деятельность разные люди, моя важнейшая обязанность – защита нашего государства. На этом пути готов принять на себя всю ответственность! – резюмировал лидер Казахстана.

**Полный текст Послания Президента будет опубликован в следующем номере газеты.**

## Лидер молодежи и медаль Елбасы

Поддержка молодежи является неотъемлемой частью политики нашего государства. Инициированный проект Фондом Первого Президента, мотивирующий молодых людей в возрасте от 14 до 29 лет мечтать, ставить цели и достигать их, попутно меняя свой и окружающий мир, призвал учащуюся 11 класса школы-гимназии г. Макинска Мадину Есимову принять в нем участие. Тогда никто не думал о медали Елбасы, целью было просто принять участие и узнать что-то новое. Проект был рассчитан на год, и целью ставил развитие дисциплинированности и навыков лидерства. Каждому участнику были предложены различные направления, в рамках которых участники могли

показать, чему они смогут научиться и каких результатов достигнуть. На первом этапе Мадина выбрала чтение книг и спорт. Каждый момент своей практики школьница фиксировала на камеру и отправляла отчет в виде фото или видео. У каждого из участников был куратор, который обучал ребят новому. Так, Мадине был предложен список зарубежной и казахской литературы. С этим заданием девушка справилась без особых трудностей, так как читать она любила всегда, а узнавать что-то новое – это всегда интересно. Со спортом было чуть сложнее, но заниматься йогой не только полезно для физического здоровья, но и для ментального. Поэтому, вооружившись терпением, Мадина



предалась чудодейственному средству избавления от ненужных мыслей

и развития гибкости. Следующий шаг для личного роста для школьницы был совсем в другой сфере. Это волонтерская деятельность и культуроведение. В ходе первого направления Мадина делала планету чище, начиная от своего двора, заканчивая улицей: подметала, белила бордюры, смастерила скворечники, кормила птиц. Процесс готовки казахских национальных блюд принес участнице массу положительных эмоций. Она получила огромный опыт в изучении секретов кухни кочевников. Бешбармак, шужык, кумыс, согласно древним технологиям, получаются намного вкуснее и ароматнее. Но Мадина не ограничилась пошаговым показом приготовления блюд. Девушка погу-

зила жюри в совершенно другой мир – мир звуков разных стран. Была представлена игра на пианино. Мелодия завораживала, заставляла грустить, ликовать, путешествовать, мечтать...

И вот долгожданный результат... Итог огромного труда – медаль Елбасы и сертификат. Первая медаль в школе и вторая в районе. Мадина, это уровень! Так держать! Получилось у тебя стать лидером? Еще как! Среди такого количества участников ты первая!!! А внешняя оценка, помимо всего прочего, демонстрирует поддержку инициативной, смелой молодежи, стремящейся к открытию новых горизонтов и расширения собственного мира в планетах Вселенной. Дерзай! Все будет!

**С. МАМАЕВА.**

## Амал келді, жыл келді

Модельдік балалар кітапханасы мамандары оқушыларды қазағымыздың салт-дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу мақсатында «Амал келді, жыл келді» тәрбие сағатын өткізді.

Бүлдіршіндер жалпы мереке жайлы, наурыз мейрамы туралы, қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары, ұлттық тағамдары жөнінде өз ойларын айтты. Жас оқырмандарымыз кітапхана бойынша экскурсияға қатысып, қуанышты мерекелік көңіл-күйде болды.

**Модельдік балалар кітапханасы.**



## Жерлесіміздің жеңісі

Макинск қаласының мектеп-гимназиясының оқушысы Диас Мұхамедиев Алматы қаласында өткен Ө. Жолдасбеков атындағы 10-11 (12) сынып оқушылары арналған математика және механика бойынша зерттеу жобаларының XII Халықаралықаралық конкурсының III орын иегері атанды. Жерлесімізді жеңісімен құттықтаймыз.

**Өзіміздің ақпарат.**



## ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ - БІРЛІКТІҢ КЕПІЛІ

**Толеранттылық түсінігіне қазақтың сабырлылық ұғымы дәл келеді деп ойлаймыз. Қазақ «Сабыр түбі-сарыалтын» дейді. Ұлттық толеранттылық біздің тарихи-мәдени кеңістімізде қоғамды топтастыратын белгілі фактор болып отыр. Екінші жағынан, толеранттылық барлық мәселені шешіп тастайды деуге тағы болмайды. Бұл конфессияаралық және этносаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы.**

Конфессияаралық және этносаралық түсіністік жағдайында бір мемлекетте әртүрлі нанымдардың, мәдениеттердің қатар өмір сүруі бүгінгі жас ұрпақтың өмірлік қағидаты болуы тиіс. Конфессияаралық және этносаралық түсіністікке қол жеткізу үшін негізгі қағидат жастар ортасында толеранттылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Төзімсіздік таныту - көптеген қоғамдарға тән әмбебап мәселе. Біріншіден, төзбеушілік отбасын-

да, мектепте көрінеді. Сондықтан төзбеушіліктің шиеленісті қақтығысқа айналуын болдырмау үшін кез-келген деңгейде төзбеушілік көріністерін анықтау қажет.

Толеранттылық ұғымы көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан және бұл процесс әлі де жалғасуда. Жан-жақты толеранттылық туралы мағыналарды жинақтай отырып, «Толеранттылық» термині төзбеушіліктің әртүрлі көріністері жеңудің жаңа құралдарын қажет ететін шындыққа сәйкес келуге тырысады.

Толеранттылық - әлем мәдениеттерінің алуан түрлілігін құрметтеу, дұрыс түсіну. Төзімділік - әртүрліліктегі үйлесімділік. Бұл тек моральдық міндет емес, сонымен қатар, саяси және құқықтық тілек.

Толеранттылық - бұл сыпайылық ең алдымен адамның әмбебап құқықтары мен негізгі бостандықтарын тану, адам құқықтарын құрметтеу негізінде қалыптасатын белсенді қарым-қатынас. Бұл әлеуметтік әділетсіздікке, өздерінен бас тарту немесе басқа

адамдардың наным-сенімдеріне жол бермеу деген көзқарасты білдірмейді.

Адамзат тарихында төзбеушілік әрқашан болған. Соғыстарды, діни қудалауды және идеологиялық қарама-қайшылықтарды тудырды. Күнделікті өмірде ол фанатизмде, стереотиптерде, қорлауда, ал мемлекеттік масштабта - нәсілдік дискриминацияда, ұлттық, діни негізде қудалауда, маңызды демократиялық бостандықтарды бұзуда көрініс тапты.

Бүгінгі таңда дін азаматтық қоғамды біріктіретін және бөлетін фактор болып қала береді. Діни сезімдерге және басқа да құндылықтарға деген ошпенділік және діни төзімсіздік - түрлі соғыстар, мемлекеттік құрылысты және ұлттардың бөлінуіне әкелді.

Діни төзбеушілік соғысушы мемлекеттердің қолындағы негізгі ресурс болып табылады, сондықтан бүгінгі таңда саяси мақсаттарды көздейтін миссионерлік миссиялар көптеп жүзеге асырылуда.

Діни толеранттылық проблемасы мемлекеттің, ұлттың және қазіргі

заманғы қоғамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Діни төзімділік қоғамның ішкі тұрақтылығы мен тыныштығын қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Діни төзімділіктің болмауы мемлекеттің бөлінуіне, ұлттың жойылуына әкеліп соғуы мүмкін.

Діни толеранттылық - бұл бір діни-конфессиялық қауымдастық жақтаушыларына деген толерантты қатынасы. Әрбір діни-конфессиялық қауымдастық өзінің діни нанымдарын ұстанады және басқалардың құқығын мойындайды.

Діни толеранттылықты екі негізгі түрге бөлуге болады - оң және теріс: позитивті көзқарас - діни және конфессиялық құндылықтар мен басқалардың идеяларын қабылдау және құрметтеу; теріс көзқара - діни көзқарастар мен басқалардың құндылықтарына немқұрайлылық таныту.

Басқа діндарларға қатысты діни

төзімділік қоғамдық тұрақтылықты және әртүрлі конфессиялық топтардың қатар өмір сүруін қамтамасыз етеді. Алайда, діни толеранттылықтың екі түрінің оң жағы көбірек.

Қорытындылай келе, толеранттылықты тәрбиелеу - жастарды дін саласындағы жағымсыз көріністерден қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруда үлкен профилактикалық мәнге ие және төзбеушіліктің алдын алудың тиімді құралы болып табылады деп айтқымыз келеді. Толеранттылықты тәрбиелеу адамдарға олардың ортақ құқықтары мен бостандықтарының не екенін үйретуден, яғни осы құқықтардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуден басталады. Жастарды өз құқықтарын ғана емес, міндеттерін де есте сақтауға үйрету қажет деп есептейміз.

**А. ЖАПАРОВ, Ақмола облысы дін істері басқармасының конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығының Астрахан ауданы бойынша дінтанушы-маманы.**

# ПРАЗДНИЧНЫЙ МАРТ

## ПРАЗДНИК МУЗЫКИ, ОТКРОВЕНИЯ И ВДОХНОВЕНИЯ

Легендарный немецкий композитор Иоганн Себастьян Бах говорил, что цель музыки – трогать сердца. И действительно, ведь слушая музыку, мы переносимся в мир волшебства, красоты, вдохновения, творчества. Музыка способна творить чудеса, исцелять, воодушевлять и мотивировать на прекрасные поступки. И тот, кто ближе других к искусству, наделен особенной способностью воспринимать этот мир, видеть в его необычных красках.

И такие уникальные способности, дарованный свыше талант, продемонстрировала ученица 7 класса фортепианного отделения Детской музыкальной школы г. Макинска Камила Радикова, которая в родных творческих стенах провела недавно свой сольный концерт. А помогли ей в этом серьезном и значимом мероприятии уважаемые и любимые педагоги: фортепианное отделение – Ботагоз Ералиевна Турубаева и вокальное отделение – Айгуль Рахимжановна Тасанова.

Камила поступила в музыкальную школу в 7 летнем возрасте, с большим желанием петь. Полюбив музыку, она решила для себя освоить не только технику вокального мастерства, но и ответственно подошла к обучению игры на фортепиано. Камила очень разносторонняя личность: вместе с учебой в общеобразовательной и музыкальной школах, она посещает кружок циркового искусства «ВИРТУОЗ» районного Дома культуры. Ведь действительно, талантливый человек, талантлив во всем. Камила не только успешная ученица, но и активная участница и обладательница призовых мест различных областных, республиканских, международных конкурсов.

Человеческий голос – уникальный музыкальный инструмент. У каждого есть голос, многие умеют и любят петь, но не каждый человек может называться вокалистом. Так называют певца, который обладает природными музыкальными данными, проходит специальную подготовку и умеет хорошо владеть голосом. И свой сольный концерт Камила открыла песней «Я бы хотела нарисовать мечту», ведь у этой молодой, красивой и талантливой девушки вся жизнь впереди, а мечты самые смелые и грандиозные.

Не секрет, что сегодня, когда повсюду слышны только звуки песен современных эстрадных исполнителей, кажутся волшебными доносящиеся из окон нашей школы звуки музыки, исполняемые на самых различных инструментах, среди которых ведущая партия принадлежит звукам рояля, которое является чудом высокого искусства. Фортепианные произведения прочно вошли в концертную практику, педагогический репертуар, в программы конкурсов. Они отличаются изобретательностью, богатством фактуры, технических и исполнитель-



ских приемов, продуманной формой передачи художественных замыслов. На первый взгляд кажется, что играть на рояле и выступать перед публикой очень легко. Но так могут подумать только те, кто не представляет себе, насколько сложен труд музыканта. Чтобы достигнуть мастерства, начинают обучение в раннем детстве и продолжают всю жизнь. Музыкант через звуки рояля передает слушателям все тонкие чувства и пережива-

ния, заложенные в музыке композитором. При этом рояль дает возможность пианисту добавить что-то свое, испытываемое им в момент исполнения. В свой творческий вечер Камила порадовала публику блистательным исполнением музыкальных произведений на фортепиано. «Ноктюрн» (Дуйсекев), «Тарантелла» (Майкапар), «Фонтан под дождем» (Гиллок), «Марш» из балета Щелкунчик П.И. Чайковского, игра в ансамбле с педагогом Б. Е. Турубаевой подарили зрителям незабываемые эмоции, перенесли в таинственный мир нот, чудесного звучания инструмента в руках настоящих мастеров. А казахская народная песня «Кудаша» в обработке А. Бейсембировой в исполнении ансамбля пианистов 8 рук сорвали зрительские овации и восторженные отклики.

Напомним, что Камила впервые поступила в музыкальную школу в большом желании петь, поэтому в этот день она посвятила своей аудитории прекрасные песни: «Wrecking Ball», «Астана», «Тек алға», продемонстрировав свой красивый голос, технику исполнения вокальных композиций. Ведь на самом деле сыграть музыку непросто, но, как оказалось непросто ее и спеть. Многие ошибочно думают, что это легко, выучил слова, запомнил мелодию, взял в руки микрофон и пойте себе на здоровье, и чем громче поешь, тем лучше. Но каждый ученик вокального отделения твердо знает, чтобы песня понравилась слушателям, над ней придется поработать. Огромный мир мыслей, чувств, образов заключен в песне – в этом самом простом музыкальном жанре. Каждая песня интересна и дорога Камиле, и связана с участием в концертных программах или конкурсах.

На протяжении сольного концерта Камила, как настоящий артист, держалась достойно на сцене, пела и играла на музыкальном инструменте, вовлекая в таинственный мир искус-



ства, срывая при этом восторженные овации зала. Поэтому завершением сольного концерта стали теплые пожелания и поздравления с успешно проведенным сольным концертом от имени гостей праздника. Первым успешную ученицу школы поздравил директор Детской музыкальной школы г. Макинска Сертай Нуржанов, отметив высокий творческий потенциал Камилы, ее стремление к совершенствованию своих способностей, выра-

жив огромную благодарность родителям за достойное воспитание и заботу, а преподавателям – за преданность своему выбранному делу, ответственное отношение к каждому ученику, воспитание в них творческих личностей.

Выразил слова благодарности в адрес родителей и педагогов, присутствовавший на концерте, директор Молодежного ресурсного центра Буландынского района Мейрамбек Каниев. Он пожелал Камиле больших творческих успехов, крепкого здоровья и достижения всех поставленных жизненных целей, вручив памятный подарок.

Отрадно, что поддержать Камилу в этот ответственный день пришли ее друзья и одноклассники – ученики 9 «А» класса школы-лицея им. Балуана Шолака. С теплотой и любовью выразила свое поздравление классный руководитель Жанар Тенсел, отметив, что достижения учеников главная награда для педагога. От имени класса Камиле был вручен красивый букет цветов.

Со словами поздравлений и пожеланий выступили родные Камилы, которые также пришли порадоваться ее сольному концерту. Много теплых и по-настоящему искренних слов удостоились преподаватели Камилы – Ботагоз Ералиевна и Айгуль Рахимжановна, ведь на протяжении всего концерта их не отпускало волнение, ведь видеть, как ученик демантирует профессиональные навыки, полученные в стенах музыкальной школы, это значит расти и совершенствоваться вместе с ним, обогащать собственный творческий потенциал.

Хотелось бы завершить статью искренним пожеланием Камиле дальнейших творческих успехов, чтобы все задуманное было достигнуто, а мечты, о которых она сегодня лирично поет, сбылись. Светлой и широкой тебе жизненной дороги, Камила!

**А. АМАНЖОЛОВА.**



## Насколько опасен туберкулез?

К сожалению, нужно признать, что туберкулез очень опасен. Запущенные формы туберкулеза плохо поддаются лечению и являются главной причиной смертности. Поэтому, легче предотвратить заболевание, чем лечить его. Наиболее распространенным путем проникновения микобактерий в организм являются дыхательные пути. Источником бактерий обычно является больной туберкулезом человек, реже – больные животные, например, крупный рогатый скот.

Заразиться микобактериями туберкулеза очень просто, гораздо сложнее заболеть самим туберкулезом. Основным источником заражения является распространяющий бактерии больной туберкулезом человек. Очаг туберкулезной инфекции представляет опасность в тех случаях, когда бацилловыделитель страдает открытой формой туберкулеза, т.е. выделяет туберкулезные палочки (бациллы). При заражении палочками туберкулеза имеет особое значение:

- прямой контакт здорового человека с больным, - длительность этого контакта - теснота общения. Как правило, заражение происходит в местах нахождения бацилловыделителя. Такими местами могут являться его дом, место работы или учебы, места лишения свободы и т. п. Опасность заражения микобактериями туберкулеза существенна. Опасность снижается при своевременном выявлении и изоляции бацилловыделителя.

Больной легочной формой туберкулеза человек при кашле выделяет огромное количество бактерий, обсеменяя воздух помещения, где он находится. А так как микобактерии не погибают при высыхании, они остаются опасными, смешавшись с пылью в помещении.

Явные признаки заболевания возникают далеко не у всех, часто болезнь протекает скрыто.

Характерной чертой туберкулеза является то, что, являясь, по сути, заболеванием инфекционной природы, для его развития существенную

роль играет состояние организма здорового человека. Безупречно здоровый организм способен нейтрализовать, обезвредить проникшие клетки микобактерий туберкулеза и заболевание не развивается.

Большую роль в предупреждении туберкулеза играет хорошее питание с достаточным количеством мясных и молочных продуктов, овощей и фруктов.

Чрезвычайно важны занятия физкультурой и спортом, прогулки на свежем воздухе, своевременные прививки, проветривание помещений. Нужно соблюдать правила личной гигиены: мыть руки с мылом после прогулки, игры с животными, после туалета и перед едой, не пользоваться чужой посудой.

Все это способствует повышению сопротивляемости организма инфекциям и уменьшает шансы заболеть туберкулезом.

За 2021 год по Буландынскому району флюо-

рографический осмотр прошли 16534 человека, что составило 92,9 % от подлежащего населения. Выявлено 45 человек флюороположительных. Не прошли флюорографическое обследование 1270 человек. Выявлено 13 новых случаев. Флюорографическим методом выявлено 8 больных, гистологически - 2, по обращению - 3. За истекший период 2022 года зарегистрировано 3 новых случая в с. Пушкино, с. Гордеевка и г. Макинске.

Подводя итоги всему вышесказанному, отметим следующее; туберкулез - опаснейшее заболевание. Неполноценное питание, неудовлетворительные жилищные условия и постоянный стресс – первые друзья туберкулеза. Поэтому, туберкулез считается «социальным» заболеванием. Регулярное питание, закаливание, занятия физкультурой и спортом способствуют сохранению здоровья.

Будьте здоровы! Берегите себя!

**Буландынское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля.**



# ЖАҢАРУДЫҢ, ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

## НАУРЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАҒАН ДҰРЫС?

Наурызды қалай тойлау керектігінің түрлі тәртібі бар. Бірақ, әдетте, оларды қатты сақтауға аса тырыспайды.

Қазақстандықтар үшін зор мәні бар Наурыз мейрамы жақындап келеді. Наурыз – бұл түркі Жаңа жылы, парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» дегенді білдіреді. Өкінішке орай, 1926 жылдан бастап 1988 жылға дейінгі аралықта тойланбай, бұл мейрам халықтың дәстүрлі меркелері қатарынан 60 жылдан астам уақытқа түсіп қалды. Оны «ескінің сарқыншағы» деп есептеді. Осыдан 30 жыл бұрын, 1988 жылы, Қазақстанда Наурызды тойлауды қайта жаңғыртты.

Наурызды қалай тойлау керектігінің түрлі тәртібі бар. Бірақ, әдетте, оларды қатты сақтауға аса тырыспайды. Ең бастысы, жақсы мерекелік көңіл-күйді сақтап, табиғатпен егіздігінді сезу және кейбір ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты орындау абзал. Төменде, біз, Наурызды тойлау жөніндегі жадынаманы ұсынамыз:

### Наурызда қанша күн демалады?

1991 жылғы 15 наурызда Наурыз ресми мейрам бекітілді, қазіргі уақытта қазақстандықтар 21, 22, 23 наурыз күндері – үш күн демалады. Ал, негізі мейрам бір айға ұласады – 22 наурыздан бастап 22 сәуірге дейін. Сондықтан да, осы уақыт аралығында мерекелік көңіл-күйден арылмаған жақсы, ал, негізі, жақсы көңіл-күйдің осы уақыт аралығында ғана емес, одан да ұзақ уақытқа созылғаны құба-құп.

### Наурызды қалай қарсы алу керек?

Бұрын Наурызды таң ата бұлақ басында қарсы алып, бұлақ көзін тазалап, сол жерге ағаш еккен, адамнан бір табын мал қалғанша, бір тал ағаш қалғаны дұрыс деп саналған. Бұл, бәлкім, өсімдіктің тамырларының Жер-Анамен байланыстығынан туындаған сенім шығар.

### Наурызды тойлар алдында не істеу керек?

Қазіргі уақытта ағаш егу үшін, азаннан тұратын адам жоқтың қасы деп айтуға болады. Бұл мерекелік демалыста адамдар ұйқыларын армансыз қандырып алуды ойлайды. Дегенмен де, күн құр босқа өтпейді. Жамандықтың бәрі өткен жылда қалсын деген ниетпен Наурызды тойлар алдында міндетті түрде үйдің іші тазаланып, жуып-шайылады.

### Дастарханда не болу керек?

Ұлттық мереке мен халық тойларының маңызды бөлшегі – бай дастархан. Дастар-



хан қаншалықты мол болса, келген жыл да соншалықты ырысты болады деген сенім бар. Бешбармақ, бауырсақ сияқты ұлттық тағамдармен қатар, бұл мерекенің негізгі атрибуты – Наурыз-көже де дастарханнан өз орнын алады.

### Неге Наурыз көже жеті түрлі дәмнен тұрады?

Оның дайындалу рецепті де қасиетті мәнге ие. Оның құрамына жеті түрлі дәм кіреді, өйткені, жеті – қасиетті сан. Апта жеті күннен тұрады. Қасиетті кітаптарда жеті саны жиі кездеседі. Наурыз көженің құрамындағы жеті түрлі азық-түлік: ет, тұз, астық дақылдары, су, кеспе, күріш, айран немесе қатық. Соңғы төртеуі май, пияз, құрт, ірімшікпен алмастырылуы мүмкін. Наурыз көженің құрамына қатысты талас сирек болады, әдетте, оны рахаттанып ішіп алады.

### Наурызда қалай киіну керек?

Қазіргі уақытта қазақтар ата-бабасының материалдық мәдениетін де еске алады. Мерекені тойлай отырып, олар ұлттық киімдер киеді. Қыздар қынама бел, етегіне қарай кеңейе түсетін, ашық түсті, бүрме етек көйлектер киеді. Көйлектер оюланып сәнделген. Қыздар шаштарын қос бұрым ғып өреді, өйткені тарқатылып қоя

жіберілген шаш – қайғының, қаралы, азаның белгісі. Аксессуарлар арасында күміс әшекейлер кең тараған. Ер адамдар алтын түстес жіптермен зерделенген ұзын шапан және соған сәйкес тақия мен бөрік киеді.

### Қандай тілектер тілеу керек?

Бұл мейрамда қазақстандықтар бір-бірін құттықтап, жылы лебіздерін білдіреді. Солардың ішінде ең жиі айтылатындар: «Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын!». Жауап ретінде «Бірге болсын!» деп айту қажет.

### Наурызда не істеу керек?

Бұл күні міндетті түрде үйге қонақ шақырады, өздері де қонаққа барады. Бұл жерде де жеті саны алдыңыздан шығады: жеті қонақ шақырып, жеті үйге бару керек.

Наурыз мейрамы рухынды көтеріп, қазақтың ежелгі салт-дәстүрін еске түсіреді. Ол Қазақстанның тарихымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Сондықтан да, Наурыз мейрамында қазақстандықтар ұлттық тағамдарды әзірлеп, халық әндерін шырқап, әдемі ұлттық киімдерді киеді.

### Наурыз Мейрамы құтты болсын!

А. ДАУЛЕТБАЕВА, Qazaqstan tarihy порталы.

## Наурыз тілек

Жаздым арнап жамағатқа Наурыз тілек,  
Тыныштық ел-жұртыма орнасын деп.  
Аспан ашық шуақты күндер болғай,  
Көңілдерде қорланған кірлер кетіп.  
Наурыз – жылдың басы мұсылманша,  
Жаңа жылда тілейтін тілек қанша?  
Іңгәлаған тал бесіктен әуен тарап,  
Қазақ жұрты көбейсін жер толғанша.  
Ақ төсін тоссын ана нәрестеге,  
Адам бол деп жарайтын бар нәрсеге.  
Білімді, ғылымды бол өскейдағы,  
Айналып жаңа елімнің тірегіне.  
Арта берсін адамдарда ара-қатынас,  
Достық ниет әрқашан тауып жалғас.  
Жұдырықтай жұмылса барлық күштер,  
Қазақстанның күш-қуатына болмас талас.  
Бақытты болғайдағы әр отбасы,  
Түгел болып бар керекті қазынасы.  
Аштықпенен жалаңаштық еш болмағын,  
Күннен күнге ұлғайып ел табысы.  
Ұлы Наурыз құт-береке ала келсін,  
Ризыққа дастархан сәнді толсын.  
Қуанышты болғайда жылдық өмір,  
Бар жақсылығын Тәңірім бере берсін.

\* \* \*

## Наурыз

Жарқырап тұрған мынау күн,  
Жыл басының шырағы.  
Жаңа әуен, жаңа күн,  
Берекенің шуағы.

Сипат алып, жаңаша,  
Наурыз келді өңірге.  
Бірлікпенен достықта,  
Өрнегі оның өзгеше.

Қойы қоздап ботасы,  
Боздайтұғын наурызда.  
Аталардың батасы,  
Қабыл болсын ұлыста.

Елде болсын тыныштық,  
Наурыз көже қайнатқан.  
Мамыражай күн болсын,  
Өңірімді жайнатқан.

Е. ҚАРАТАЙҰЛЫ, тыл ардагері, Бұланды ауданының Құрметті азаматы.

## КӨКПАР – РУХТЫ ОЙЫН



Арқаның арқасы қозатын ақ боранының Наурыз келсе де аптығы әлі басыла қоймады. Соған сай қалың қардың көбесі де сөгілмеді. Бірақ, біздің елдің жігіттері Бұланды жерін ат тұяғының дүбіріне бөлеп, Наурыз мерекесін бастап кетті. Ақ қар, көк мұзға қарамай көкпар, аударыспақ, теңге ілу сынды ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті. Меркелік шараны ауданымыздың бас имамы Дәрігерхан Тұрдыақынұлы құранмен бастап, үлкендеріміз ақ батасын берді. Аудан әкімінің орынбасары Ораз Қайыркенұлы Смағұлов құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілегін білдірді.

Нұр-Сұлтан қаласынан, Шортанды, Ақкөл аудандарынан, Жаңаталап, Қараөзек тағы басқа көршілес ауылдардан жиналған көкпаршылар шарамыздың көркін қыздырды. Алдымен жарау аттарын тақымдаған жігіттер теңге ілуден сынға түсті. Ат үстінен ілген теңгелері мен шауып өткен уақыттары есептеліп, жеңімпаздар анықталды. Кейін көпшілік асыға күткен көкпар басталды. Командалық емес «жаппай көкпар» өтті. Әр салым салған көкпаршылар кезеңге сай марапатталып отырды. Арасында білекті жігіттер аударыспаққа қатысып, жеңімпаздарды анықтады.

Үлкендерден қалыспай жабағы, тайға мінген балалар да көкпар тартты. Баласының тақымын тайға бектікен қазақ үшін бұл жаңалық болмауы мүмкін, алайда қазір ұялы телефонда емес, аттың үстінде отырған бала көрсек көзімізге жас алып қуанамыз. Өйткені, жылқыға жақын ескен баланың рухты, жүректі болатыны тарихтан белгілі. Ал, телефоннан көз алмайтын баланың сабырсыз, ашушаң, жасқаншақ болатынын қазіргі қоғам көрсетіп-ақ жатыр. Жасыратыны жоқ қазіргі жастардың сырласы да, мұңдасы да телефон.

Ауданымызда өткен бұл шара елдің ауызбіршілігін көрсетті. Соның ішінде жастардың жұдырықтай жұмылып атсалысқаны шараның ойдағыдай өтуіне септігін тигізді. Алдағы уақытта дәстүрлі түрде жалғасын табады деп отырмыз.

Жалпы көкпар тарту ойыны жайлы әртүрлі аңыз, әңгімелер жетіп артылады. Зерттеуші Ә.Қалиұлы: «Қазіргі көкпар тарту әуелде әлеуметтік мәні бар әскери машықтың қажетінен туған. Түрік қағандығы кезіндегі «дербес жасақты» осындай жаттығудан өтіп, сыналған жаунгерлерден жасақтаған. Әскери машықтың бұл түрі бейбіт күнде көкпар тарту ойынына ұласып отырған»-дейді. Тағы бір болжамдарда «көкпар» сөзі қазақтың «көк бөрі» деген сөзінен шыққан дейді. Жігіттер дала тағысы қасқырды ат үстінде жүріп ұрып алып, бір-бірлеріне жалғап, көкпар тартып ойнаған дейді. Қандай дерек, қандай мәлімет айтылса да көкпар тартудың астында рух, қайсарлық жігерлік жатыр.

3. ЖАЙНАРБЕК.



